

"Назарбаев орталығы" көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 наурыздағы № 338 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Орталық) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығы» мемлекеттік мекемесін оған қосу жолы мен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесі Орталықтың мемлекеттік басқару жөніндегі уәкілетті органы болып анықталсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Мәдениет және ақпарат министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

16

наурыздағы

№

338

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327 - құжат) :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере

отырып, 944 бірлік санында бекітілсін.»;
 көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің санын ескере отырып штат санының лимиті мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің адам санын ескере отырып штат санының лимиті

Атауы	Штат санының лимиті
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	944
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	683
1) «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі	354
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі	307
3) Ақпаратты техникалық қорғау орталығы	14
Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы	8

»

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1078 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының

лимиттерінде:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:» деген реттік нөмірі 1 - жолда:

«1507» деген сан «1153» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:» деген жолда:

«1338» деген сандар «984» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы 354» деген жол алынып тасталсын.

5. «Қазақстан Республикасының Даңқ Кітабы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 маусымдағы № 538 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 37, 318-құжат):

1) 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Даңқ Кітабын қажеттілігіне қарай кейіннен дайындауды және оны «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесіне беруді қамтамасыз етсін.

4. «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Назарбаев орталығы») Даңқ Кітабын жүргізуге және сақтауға жауапты болып белгіленсін.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Даңқ Кітабын жүргізу және сақтау ережесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Даңқ Кітабын жүргізуді және сақтауды «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

3. Даңқ Кітабының жүргізілуі мен сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі жүзеге асырады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері, «Отан» орденіне немесе «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденіне ие болған адамдар туралы ақпаратты (бұдан әрі – ақпарат) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (келісім бойынша) жоғарыда көрсетілген мемлекеттік наградаларды беру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданғаннан кейін

30 жұмыс күні ішінде кейінгі жылдың 1 наурызына дейін «Назарбаев орталығына» жібереді.» ;

6-тармақ алынып тасталсын ;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. «Назарбаев орталығы» кейінгі жылдың 1 мамырына дейін Даңқ Кітабына осы Ереженің 5-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын марапатталған тұлғалар туралы ж а з б а е н г і з е д і . » ;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Даңқ Кітабы «Назарбаев орталығының» мұражай қорына енгізіледі.

9. Қазақстан Республикасының Даңқ Кітабы «Назарбаев орталығында» жеке қойылған т ұ ғ ы р ғ а орналастырылады.».

6. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 3 1 9 қ а у л ы с ы н д а :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде: «Мұражайлар» деген бөлімде реттік нөмірі 17-жол алынып тасталсын.